

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының жекелеген мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 наурыздағы N 225 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Помологиялық бак" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*